

МЕНИҢ УНИВЕРСИТЕТИМ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 86 жылдық тарихы бар. Сол кезеңге көз жүгіртсек 94 студент, 25 оқытушы болған.

Еліміз Егемендік алғаннан кейін университетке 1993 ж. ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби есімі берілді.

Университет қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жетекші жоғарғы оқу орны ретінде мақтанышы, жыл сайын осы университет қабырғасында білім алғысы келетін талапкерлер саны артуда екенін уақыт көрсетіп отыр. Ол 180 сала бойынша мамандар даярлайды. Университетте жаратылыстану бағытында көптеген факультеттер жұмыс істейді:

Биология факультеті 1934 жылы ҚазМУ ашылғаннан бастап құрылған алғашқы факультеттің бірі. Құрамында 4 кафедра бар: *биоалуантүрлілік және биоресурстар, биотехнология, молекулалық биология және генетика, биофизика және биомедицина*, сондай-ақ *биоклиника және агробиотанция*.

Физика-техникалық факультеті - қазіргі физика-техникалық кластердің орталығы. Факультетте ғылыми-техникалық жобалар саны тұрақты өсіп келеді және де заманға сай жабдықталған жаңа зертханалар құрылуда.

География және табиғатты пайдалану факультеті. Факультетте Колумбиялық Университет (Нью-Йорк, АҚШ), Лиссабон Политехникалық Университеті (Португалия), Халықаралық табиғат, қоғам және адам университеті «Дубна» (Ресей) және басқа да шетелдік университеттермен бірлесе отырып ТМД мемлекеттерінің ішінде жалғыз, халықаралық «Тұрақты даму жөніндегі» ЮНЕСКО кафедрасы құрылған.

Медицина және денсаулық сақтау факультеті білім беру, ғы-

лыми-әдіснамалық, сараптамалық-консалтингтік, консультативті-диагностикалық және халықаралық алаң болып табылады. Негізгі қызметі – Қазақстанда, Орталық Азияда қоғамдық денсаулық сақтау саласына қажетті мамандарды дайындау.

Механика – математика факультеті 1934 жылы негізі қаланған. Факультет математикадан, механикадан мамандар оқытып шығарады.

Химия және химиялық технология факультеті. Факультет 3 мамандық бойынша бакалавр, 8 мамандық бойынша магистрлар мен PhD докторларын дайындайды

Ақпараттық технологиялар факультеті 2018 жылдың 15 қаңтарында ашылды. Қазақстанда базалық лейтмотивті ақпараттық технологияны өмірдің барлық салаларында қолдану және дамыту болып табылатын «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қабылданған болатын. Осы саладағы мамандарды дайындау мақсатында факультетте «Жасанды интеллект және BigData» кафедрасы ашылды.

Бүгінгі күні университетте 20000 студент білім алып, 2500 – ден астам оқытушылар, олардың ішінде: 27 ҰҒА академигі, 6 Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі, 400-ден аса профессорлар мен докторлар, 800 ден астам кандидаттар мен доценттер еңбек етеді. ҚазҰУ Республикадағы іргелі зерттеу бағдарламалары жалпы мөлшерінің 50% жүргізілетін 20 ғылыми-зерттеу институты мен халықаралық ғылыми орталық болып табылады.

**ҮСЕНБЕКОВА А.Е.,
САНДЫҚБАЕВА Ө.Д.,
ИДРИСОВА Г.А.,**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің аға оқытушылары

БІРЛІК – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ

«Бірлік болмай – тірлік болмас» деген атам қазақ, берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. Береке мен бірлікті жанына серік қылған ата-бабаларымыз тағдырдың қилы соқпағында да сол қасиетінен айырылмады. Ел иесі, жер иесі саналатын қазақ халқы алмағайып замандарда шартараптан бас сауғалаған, тағдыр тәлкегімен босып келген басқа жұртты бауырына басты. Өзінің тоз-тозы шыққанына қарамастан, басқаның қайғысына да ортақтығын танытты. Кеңестік жүйе қыспағымен қазақ даласын паналаған бөтен жұрт осында мәңгілікке тұрақтап қалды, өсіп-өніп, ұрпағын жалғастырды. Шындығында, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі жетістіктері сол ата-бабамыздан қалған бірліктің арқасында тұрақтылық орын алып келеді. Тамыры тереңге жайылған татулық тірегінің ордасына айналған Қазақ елінің бірлігі мен берекесі тарқаған емес. Ұлт пен ұлыстың татулығы бүгінде елдегі қоғамдық ынтымақтастықты сақтап отыр. Байтақ елде жалпақ жұрттың бірлігі бұзылмай, татулығы тарқамай өмір сүріп жатқандығы үлкен мақтаныш. Бір шаңырақ астында ұлттың ұйытқысына себеп болып отырған сарабал саясатымыз бен Ата заңымыздың аясында атқарылып жатқан шаралардың нәтижесі екендігі белгілі. Әлемде ұлтаралық бірлігімен, татулығымен ерекшеленетін ұлт екенімізді ескерсек, тұрақтылық пен бейбітшілік үйлесім тапқан елміз. Сонымен қатар, халықтардың өзара түсінушілігі мен бере-кесін тапқан бірлігінің арқасында да татулық дінгегі ажыраған емес.

1995 жылдың 18 қазанында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығы бойынша 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланған болатын. Мамырдың алғашқы күні – Қазақстан халқының бірлігі мерекесін жаңа тұрпатта тойлау қажеттігін, оны еліміздің басты мерекесіне айналдыру идеясын Мемлекет басшысы Н.Назарбаев көтерген болатын. Жыл сайын атаулы мерекеді Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. Еліміздегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыру үшін бүкіл Қазақстанда жаппай патриоттық шерулер өтеді. Міне, осыншама ұлт пен ұлыстың тілін тауып, бірлік пен ынтымақта ұстап отырған бүгінгі билік ұлтаралық татулық пен бірлікті басым саясатының бірі ретінде ұзақ жылдардан бері ұстанып келеді.

Қазақ жерінде 86 жыл ғұмыры бар киелі білім ордасы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде де көптеген ұлттың азаматтары білім алуда. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне әр жаңа оқу жылында көрші де алыс шет мемлекеттерден, соның ішінде тіл үйрену мен ЖОО-на түсу мақсатында Ауған, Қытай, Түркия, Иран, Сауд Арабиясы, Тәжік елдерінен және Қытай, Моңғолия мемлекеттерінен келген қандас бауырларымыз университетімізде білім алуға ниет етіп, оқып жатыр. Біздің факультетте сырт мемлекеттен келген жастарға білім алуына жақсы жағдай жасалған. Қазақстан мемлекетін жете танып білу мақсатында көптеген шаралар өткізіліп, қазақ жеріндегі киелі орындарға саяхаттар жасалып, түрлі ауқымды іс-шаралар өтіліп отырады. Соның бірі – менің атажұртым Қазақстан атты дөңгелек үстел өткізілді. Әрбір тыңдаушы өз ұлтына, өз атажұртына деген ыстық махаббатын айтып, белгілі ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан өлеңдер мен монологтар оқыды. Сонымен қатар, атажұрты Қазақстан туралы аталары мен әжелерінен естіген қызықты естелік әңгімелерді ортаға салды. Кеш барысында Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әні шырқалды. Тыңдаушылардың жүзінде еліне, жеріне деген елжіреген ықыласы анық байқалып тұрды. Бұл кездесу бір дастарқан басында жалғасын тапты. Міне, осыдан халқымыздың қонақжайлылығын, достығын көруге болады.

Бір шаңырақта өмір сүріп жатқан Қазақстандағы барша ұлттар мен ұлыстарды Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен құттықтаймыз!

**ИДРИСОВА Г.А., ҮСЕНБЕКОВА А.Е., ТАСТЕМИРОВА Г.А.,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушылары**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ ӘЛЕМДІК QS «WORLD UNIVERSITY RANKINGS» РЕЙТИНГІСІ БОЙЫНША КӨШ БАСТАП КЕЛЕДІ

Биылғы жыл біздің оқу орын үшін жемісті жыл болды, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті әлемдік QS «World University Rankings» рейтингісі бойынша 210 орынды иеленіп, көш бастап келеді. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мақсат еткен Әлемдік үздік университеттер қатарынан бой көрсету үшін аянбай еңбек етіп келеді. Соңғы бес жыл ішінде университет QS WUR рейтингісі қатарына ілінді. Бұл дегеніміз, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті әлемдік білім және ғылым нарығында жоғары бәсекеге қабілетті екендігінің айғағы. ҚазҰУ ТМД университеттерінің ішінде «QS WUR by Subject» рейтингісі бойынша ең үздік 51-100 топтарының қатарына кірген бірінші университет екенін мақтан етіп айтуға болады. ҚазҰУ басқа беделді халықаралық рейтингтерде жылдам алға жылжуда. Британдық Times Higher Education агенттігінің зерттеуі бойынша ҚазҰУ Орталық Азияда бірінші болып әлемдегі ең жақсы университеттер қатарына енді. «UI Green Metric Ranking of World Universities» әлемдік рейтингінде ҚазҰУ 172-ші орынды иеленді, Еуропалық ғылым және өнеркәсіп палатасының еуропалық рейтингінде ҚазҰУ «AA» рейтингісін иеленді және алдыңғы қатарлы Еуропа университеттерінің қатарына енді. Атақты халықаралық «Great Value Colleges» ұйымының зерттеуі бойынша (АҚШ), ҚазҰУ әлемдегі ең дамыған жоғары оқу орындарының ішінде 31-орын алды және «Academic Ranking of World Universities-European Standard» («ARES») атты еуропалық рейтингісі бойынша, еліміздің жоғары оқу орындары арасында көш бастап келеді. Міне, осындай жетістіктерге жетуге бірден-бір мұрындық болған университетіміздің ректоры Ғ.М.Мұтанов мырзаның ерен еңбегі мен оқу орны қызметкерлерінің талмай еңбек етуінің арқасы.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы: Ө.Д.САНДЫҚБАЕВА
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақ тіл білімі кафедрасының ф.ғ.к доценті Ж.Б.САТКЕНОВА**

ОТАНДЫ СҮЮ – ОТБАСЫНАН!

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық барлық өміріне апат әкеледі», – депті әл-Фараби бабамыз. Мұнан өз тағдырын өзін шешуге қолы жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екенін байқаймыз.

Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең - жырлар, мақал – мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Патриотизм мәселесі қай халықтың болмасын басты тәрбие бағдары болады. Патриоттық сезімді тәрбиелеуде түрлі құралдар пайдаланылады. Патриоттық сезімдер құралдарына:

1. Ұлттық құндылықтары – жер, ел, тіл жатады.
2. Ұлттық нышандары – Ел таңба, Ту, Өнұран.
3. Ұлттық мәдениеті – сөз, бейнелеу, саз, дене тәрбие және т.б.
4. Қазақ зиялыларының өнегелі іс - әрекеттері мен сөздері.

БАҚТОРАЗ А.Е., МУХАМЕДЖАНОВ Е.С.